Сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-2/626 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12102 болып тіркелді.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды жүзеге асыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді жүзеге асыру қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы "___" _____
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 20 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 9 шілдедегі
№ 4-2/626 бұйрығына
1-қосымша

Сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына қатысты сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жерге егіп бағалау – тұқымдардың белгілі бір түрге, сортқа жататындығы мен сорттық тазалығын оларды арнаулы учаскелерде егу және өсімдіктер бойынша сорттық сапаларын кейіннен тексеру жолымен анықтау;

2) зертханалық сорттық сынақтар – тұқымдардың белгілі бір сұрыпқа тиістілігін белгілеу және зертханалық талдау жүргізу жолымен тұқымдардың сұрыптық тазалығын анықтау.

3) сорттық бақылау – ауыл шаруашылық өсімдіктері егістерінің сорттық тазалығын анықтау және тұқымдардың белгілі бір сортқа жататындығын белгілеу жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау;

4) тұқымдар – өсімдіктердің сортын молықтыру үшін пайдаланылатын генеративтік және вегетативтік органдары: тұқымның өзі, жемістер, күрделі жемістердің бөлігі, қосалқы жеміс, масақтар, көшеттер, жуашық, түйнек, қалемшелер, түзуші ұлпалар және басқалар;

5) тұқымдық бақылау - тұқымның егу сапасын анықтау жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын, тұқымдардың егуге (отырғызуға) жарамдылығы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау.

3. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына сорттық және тұқымдық бақылауды тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары (бұдан әрі – мемлекеттік тұқым инспекторлары) жүзеге асырады.

4. Жерге егіп бағалауды Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемкомиссия) жүргізеді.

2. Сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

5. Сорттық және тұқымдық бақылау тұқымдарды өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, тасымалдау және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын мынадай:

тұқым себу;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің вегетациясы;

жинау;

тұқым құю;

тұқым сақтау;

өткізу (тұқымдардың өткізуге дайындалған және өткізілген партияларын, оның ішінде экспорт және импорт кезінде, олардың сапасының растаушы құжаттарға сәйкестігіне тексеру) кезеңдерінде тұқым шаруашылығы ережелері мен нормаларын сақтау нысанында бақылауды қамтиды.

6. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын сорттық бақылау байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау және зертханалық сорттық сынақтар арқылы жүргізіледі.

7. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аттестатталған тұқым өндірушілер егу басталғанға дейін тиісті жергілікті атқарушы органдарға танаптардың тұқым өсіру егісіне дайындығы туралы хабарлайды, бұдан кейін мемлекеттік тұқым инспекторлары танаптарды кеңістіктік оқшаулаудың сақталуы, ауыспалы егістің сақталуы, қажетті агротехникалық іс-шаралардың

жүргізілуі, танап шекараларының тазалығы мәніне тексереді. Танапты тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымдық егіске арналған танаптарды тексеру туралы есеп жасалады.

Егісті тексеру кезінде себуге әзірленген тұқымның сорттық және егу сапасын растайтын құжаттардың бар-жоғы, егіс техникасының жай-күйі, егіс технологиясы қағидаларының сақталуы тексеріледі. Егісті тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша егісті тексеру туралы есеп жасалады.

Танаптың дайындығын тексеруді егісті тексерумен бірге жүргізуге жол беріледі.

10. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің вегетациясы кезеңінде түрлік, сұрыптық фитопатологиялық тазалаудың (отаудың) жүргізілуі тексеріледі.

11. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу тұқым өндірушінің облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына берген өтінімі бойынша жүргізіледі.

12. Танапты байқаудан өткізуді:

1) бірегей тұқымдардың егістерін – құрамында мемлекеттік тұқым инспекторы, тиісті дақыл бойынша селекционер, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі бар облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылған комиссия жүргізеді;

2) элиталық тұқымдардың егістерін – құрамында мемлекеттік тұқым инспекторы, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі бар облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылған комиссия жүргізеді;

3) бірінші және кейінгі репродукциялы тұқым шаруашылығы егістерін – тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен байқаудан өткізуші жүргізеді.

13. Тұқымдарды жинауды (жинап алуды) бақылау сорттық егістіктерді жинап алу кезеңінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының араласуына жол бермейтін агротехникалық іс-шараларды өткізу қағидаларының сақталуын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

14. Тұқымдарды тасымалдауды бақылау пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс автокөліктің және ауыл шаруашылығы техникасының техникалық жай-күйін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

15. Тұқымдарды өңдеуді (тазалауды) бақылау тұқым ұрығының зақымдануына жол бермейтін тұқым өңдеудің технологиялық процесін тексеру арқылы жүргізіледі. Біртекті технологиялық жабдықтың әрбір тобына пайдалану жөніндегі нұсқаулық болуға тиіс.

Бидайдың, қара бидайдың, арпаның, күнбағыстың, қарақұмықтың, тарының, сұлының тұқымдық астықтың ең жоғары қызуы +40 градус Цельсиядан, ал кептіру агентінің температурасы +70 градус Цельсиядан аспауы тиіс.

Бұршақты дақылдар мен күрішті кептірген кезде тұқымдық астықтың қызуы +35 градус Цельсиядан, ал кептіру агентінің температурасы +60 градус Цельсиядан аспауға тиіс.

Ылғалдылығы 19 пайыздан жоғары тұқымдық дәнді кептірген кезде тұқым ұрығының зақымдануына жол бермейтін жұмсақ режим қолданылады, бұл ретте бірінші аймақта тұқымдарды қыздырудың шекті температурасын Цельсия бойынша +5 градусқа, ал кептіру агентінің температурасын +10 градус Цельсияға төмендету жүргізіледі.

16. Тұқымдардың сақталуын бақылау тұқымдарды орау мен таңбалауға қойылатын талаптардың сақталуын тексеруді қамтиды.

Орама тұқымдық астықтың сақталуын қамтамасыз етуі және таңбасы немесе заттаңбасы болуы тиіс, онда:

тұқымды өндірушінің атауы;

дақыл;

сорт;

репродукция;

сорттық тазалығының санаты;

егіс стандартының сыныбы;

жиналған жылы;

тұқым партиясының нөмірі;

сорттық тазалығы;

тұқымдарды дәрілеу жағдайында - химиялық немесе биологиялық препараттың атауы;

сорттық құжаттың және тұқымдардың егістік сапасын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Тұқым салынған әрбір қапқа немесе контейнерге тұқымдардың егіс сапасын куәландыратын құжаттан басқа, сол деректері бар заттаңба салынады. Дәріленген тұқымдар салынған орамға "Дәріленген" деген жазу жазылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тұқым қоймаларының дайындығын бақылау тұқым қоймаларының тұқымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық, құрылыс, өрт қауіпсіздігі, санитариялық, фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

18. Сатуға жататын бірегей және элиталық тұқымдарды, бірінші және кейінгі репродукциялы тұқымдарды сақтауға арналған тұқым қоймаларының дайындығы

мемлекеттік тұқым инспекторының тексеру қорытындылары бойынша белгіленеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды жасалады.

19. Сатуға жататын бірегей және элиталық тұқымдардың, сондай-ақ бірінші және кейінгі репродукциялы тұқымдардың партиялары тұқымдық бақылауға жатады.

20. Тұқымдық бақылау тұқымдардың бақылау сынамаларын іріктеу және кейіннен оларды аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларда зерттеу арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Бақылау сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар өтініш берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымды талдау нәтижесін береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Даулы жағдайларда тұқымдардың сапасына бақылау зерттеулерін жүргізуге арналған өтінішті (еркін нысандағы) тиісті жергілікті атқарушы органға:

тұқымды жеткізуші сапасы жеткізушінің құжаттарында көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін тұқымдарды алғандығы туралы тұтынушыдан хабарлама алғаннан кейін бес күннен кешіктірмей;

тұқымды тұтынушы жеткізушінің ілеспе құжаттарында көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін тұқым партиясын жеткізушіден алғаннан кейін жиырма күннен кешіктірмей беруге тиіс.

Өтінішке:

тұқымды жеткізуші – тұтынушы наразылық білдірген тұқымның сапасын растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері) және оны іріктеу актісімен бірге сынаманың телнұсқасы;

тұқымды тұтынушы – сынақ нәтижелері бойынша тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананың қорытындысы және оны іріктеу актісімен бірге сынаманың телнұсқасы қоса беріледі.

Егер сынаманың телнұсқасы бақылау талдауына түскен уақытқа қарай тұтынушы наразылық білдірген тұқымның сапасын растайтын құжаттардың қолданылу мерзімі өтсе өтініш қабылданбайды.

24. Тұқымдық бақылау кезінде, оның ішінде даулы жағдайларда тұқым сапасына сараптама қолданыстағы ұлттық стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

25. Аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізуін және олардың нормативтік құқықтық актілер мен ұлттық стандарттарды сақтауын бақылауды мемлекеттік тұқым инспекторлары жүзеге асырады.

Бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізілуін тексеру актісі жасалады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Мемлекеттік тұқым инспекторлары тұқым өндірушілер аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханалар берген тұқымның сұрыптық және егістік сапасын зерттеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, олардың наразылықтарын қарайды.

Бақылау сынамасын зерттеу кезінде алынған көрсеткіштердің тұқым сапасын растайтын бұдан бұрын берілген құжаттарда көрсетілген көрсеткіштерден алшақтығы расталған жағдайда, осы тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхана жаңа құжаттар береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Тұқым шаруашылығы субъектілері тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарды сақтауын бақылауды қамтиды.

28. Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

3. Жерге егіп бағалауды жүзеге асыру тәртібі

29. Тұқымдардың белгілі бір түрге, сұрыпқа жататындығы мен олардың сорттық тазалығын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірегей және элиталық тұқымдары жерге егіп бағалауға жатады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.12.2015 № 4-6/1154 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

30. Жерге егіп бағалау тұқымдарды арнаулы учаскелерде егу және өсімдіктер бойынша сорттық сапаларды кейіннен тексеру арқылы жүргізіледі.

31. Сортты Мемкомиссия бекітетін кезекті ауыл шаруашылығы жылының жерге егіп бағалаудың алдын ала жоспарларына енгізу үшін Мемкомиссияға жабық топырақ дақылдары бойынша – 15 тамыздан; күздік егіс дақылдары бойынша – 10 қазаннан; жаздық дәнді масақты, дәнді бұршақты, жармалық (күріштен басқа), майлы дақылдар (күнбағыстан басқа), картоп, көкөніс және бақша дақылдары, біржылдық, көпжылдық шөптер (құмай жүгеріден басқа), жемдік тамыртүйнек және күнбағыс бойынша – 1 желтоқсаннан; жүгері, күріш, құмай жүгері бойынша – 15 желтоқсаннан; тоқымалық, техникалық, эфирмайлы дақылдар, мақта, жеміс, жидек дақылдары, жүзім, тұт ағашы, тұт ағашының будандары, гүлді–сәнді өсімдіктер және дәрілік дақылдар бойынша –

25 желтоқсаннан кешіктірмей өтініш беріледі.

32. Сорт бірдейлендіру бойынша мәлімделген сипаттамаға сәйкес келмеген кезде Мемкомиссия сұрыпқа тиесілілігін анықтаудың қиындығына немесе мүмкін еместігіне байланысты жерге егіп бағалауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

33. Жерге егіп бағалауды жүргізу үшін Мемкомиссияға ұсынылатын тұқымдық материалдың үлгісінде ішкі және сыртқы заттаңба болуға тиіс, олар мыналарды қамтиды:

1) сорттың атауы (егер аты әлі айқындалмаса – селекциялық нөмірі). Шетелдік сорттың атауын өтінім берушінің тілінде және мемлекеттік немесе орыс тіліндегі транскрипцияда жазады;

2) тегінің, түрінің атауы (латынша және мемлекеттік немесе орыс тілдерінде).

34. Жерге егіп бағалау вегетациялық кезең ішінде ауылшаруашылығы өсімдіктерінің қалыпты дамуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүргізіледі.

35. Жерге егіп бағалау нәтижелері бойынша тұқымдардың белгілі бір түрге, сортқа және олардың сорттық тазалыққа сәйкестігі және (немесе) сәйкессіздігі туралы жазбаша қорытынды беріледі.

Сұрыптық және тұқымдық
бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Тұқымдық егіске арналған танаптарды тексеру туралы есеп

_____ негізінде
(өтініштің негізінде)

_____
(тұқым өндірушінің атауы)
тұқымын _____
(дақылы, сорты)
_____ өндіру мақсатында егуге арналған
(репродукция)

танаптартарға тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 20__ жылғы "__" _____ бастап "__" ____ дейін
Тексеру нәтижелері
Алаңы, гектар _____
Жай-күйі, дайындығы, % _____
Агротехника _____
Бұрынғы егілген егіс (дақыл, репродукция, сорт) _____
Тұқымның шығу тегі _____
(құжаттың №, күні, репродукциясы, сорты, партиясы)
Егістік техникасының жай-күйі _____
Қорытынды:

_____

_____

Тұқым өндірушінің өкілі:

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор

_____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сұрыптық және тұқымдық
бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Егісті тексеру туралы есеп

_____ негізінде
(өтініштің негізінде)

_____
(тұқым өндірушінің атауы)

_____
(дақылы, сорты, репродукциясы)
_____ тұқымын өндірудің белгіленген технологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында егісіне тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 20__ жылғы "__" ____ бастап "__" _____ дейін
Тексеру нәтижелері
Егіс алаңы, гектар _____
Тұқымның шығу тегі _____
(құжаттың №, күні, сорты, репродукциясы, партиясы)

Агротехника _____
Себілген күн _____
Қорытынды: _____
Тұқым өндірушінің өкілі:

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Тұқым шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспектор _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сұрыптық және тұқымдық
бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Қорытынды

_____
негізінде (өтініштің негізінде)
_____
(тұқым өндірушінің атауы)
_____
(дақылы, сорты, репродукциясы)
___ _____ сатуға жататын тұқымын сақтауға арналған
№_____
тұқым қоймасына тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 20__ жылғы "___" ____ бастап "___" ___ дейін
Тексеру нәтижелері
Тұқым қоймасының жай-күйі _____
Дайындығы _____
Қорытынды _____
Тұқым өндірушінің өкілі:

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Тұқым шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспектор _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сұрыптық және тұқымдық
бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

№ ___ тұқымды талдау нәтижесі

_____

(облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))_____

_____ сақтаулы

(№ ___ бөлімше (бригада)

20_ жылғы _____ № _____ акт кезінде талдауға ұсынылған (күні, айы) _____ алынған,

_____ жылғы егіннің_____ репродукциялы

_____

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сұрыбы)

салмағы ____центнер, № ___ фракция тұқымының № ____партиясына берілді.

Орын (қап) саны, № _____ қойма, № _____ қамба, үйіндімен

Тұқымның мақсаты _____

Талдау нәтижелері

_____

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %
2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____%
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға (бұдан әрі – кг) дана немесе %)_____
4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____%
5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары

(1 кг-ға дана немесе %)

_____

6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары

(1 кг-ға дана немесе %), барлығы _____

оның ішінде:

қарасұлы (1 кг-ға дана) _____%

неғұрлым зиянды арамшөп тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға дана) ___

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %
8. Қарамықтар _____%

9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана) _____
10. Өсу энергиясы_____%
11. Өнгіштігі _____%
оның ішінде қаттылары _____%
өсіру жағдайлары_____
12. Тіршілікке бейімділігі _____ %
анықтау әдісі_____
13. Ылғалдылығы _____%
14. 1000 дәннің салмағы_____ грамм
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
центрифугалау әдісімен _____ дана немесе биологиялық әдіспен _____%
16. Зиянкестердің жайлануы_____
17. Тұқым сынамаларын сырттай қарап-тексеру деректері:
түсі қалыпты иісі қалыпты
қарайған шіріген
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары _____
(атауы)
сұрыптық өсімдіктердің тұқымдары_____
(атауы)
19. Басқа айқындамалар:_____
Қорытынды мен ұсыныстар:
_____
_____
_____

Толық немесе толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар мынадай көрсеткіштер бойынша кондицияланбаған	Талдау кезінде анықталғаны	Стандартпен белгіленгені
1	2	3

Тұқымдар _____ және қайтадан толық талдануы тиіс
(өңдеу түрі)
Толық емес талдау жүргізген кезде:
Тұқымдар _____
(талдау жүргізілген көрсеткіштердің атауы)
бойынша ұлттық стандарт талаптарына сай келеді.

_____ _____ _____
(уәкілетті тұлғаның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20__ жылғы _____ (күні, айы)

Сұрыптық және тұқымдық
бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдық сараптамадан өткен тұқымдарын инспекциялық бақылау актісі

20__ жылғы _____ _____ кезеңінде
құрамында төрағасы_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жұмыс орны, лауазымы)
мүшелері _____
_____
бар комиссия 20__ жылғы "___" _____ №_____ кондициялығы туралы
куәлік алған _____
(тұқым өндірушінің атауы)
өндірген _____
(дақылы, сорты, репродукциясы, партиясының №, себу стандартының сыныбы)
тұқымына бақылау жүргізді.
Тексеру кезінде мыналар анықталды:
1. Тексеру объектілері _____
(тұқымның сапасы, сақтау шарттары және басқалары)
_____
2. Тұқымды бірдейлендіру және сынау нәтижелері _____
_____
3. Өндірісті тексеру нәтижелері _____
_____
4. Қорытынды:_____
_____
(тұқымдардың және оны өндірудің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау)
_____
Комиссия төрағасы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Комиссия мүшелері: _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Сұрыптық және тұқымдық

бақылауды, жерге егіп бағалауды
жүзеге асыру Қағидаларына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұқымның сорттық және егу сапасына сараптама жүргізілуін тексеру актісі

_____ негізінде
(өтініш)

_____
(аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананың атауы)

_____
тұқымның сорттық және егу сапасына сараптама жасау жөніндегі орындалатын жұмыстар бойынша және оның тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен ұлттық стандарттарды сақтауына тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 20__ жылғы "__" _____ бастап "__" _____ дейін
Тексеру нәтижелері:
Орташа сынамаларды тіркеу журналын жүргізуі_____
Тұқымның сапасы журналын жүргізуі_____
Тұқымның сапасы туралы құжаттарды тиісінше ресімдеуі_____
Тұқымның орташа сынамаларын сақтауы_____
Тұқымдарды егу сапасын анықтау әдістемесін сақтауы_____

_____
Анықталған бұзушылықтар:_____

_____
Қорытынды: _____

_____

_____
Аккредиттелген тұқым
сапасына сараптама жасау
жөніндегі зертхананың өкілі

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Тұқым шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспектор_____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 9 шілдедегі

№ 4-2/626 бұйрығына
2-қосымша

Зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының кейіннен сатуға арналған элиталық тұқымдары мен бірінші репродукциялы тұқымдары зертханалық сорттық сынақтарға жатады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.12.2015 № 4-6/1154 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Зертханалық сорттық сынақтарды Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемкомиссия) жүргізеді.

2. Зертханалық сұрыптық сынақтарды жүргізу тәртібі

4. Ауыл шаруашылығы өсімдігінің әрбір түрі мен сорты бойынша сатуға арналған тұқымдарды зертханалық сорттық сынау:

үш жылда бір рет – элиталық тұқымдар үшін;

бес жылда бір рет – бірінші көбейтілген тұқымдар үшін жүргізіледі.

5. Тұқымдарға зертханалық сорттық сынақтарды жүргізу үшін аттестатталған элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар және (немесе) бірінші репродукциялы тұқым өндірушілер Мемкомиссияға мынадай құжаттар мен материалдарды (тұқым партиясынан алынған сынамалар):

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесін немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін

берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) сорттық егістіктерді байқаудан өткізу актісінің және тұқымның сапасы туралы куәліктің көшірмелерін;

4) ұлттық стандарттарға сәйкес іріктелген тұқым сынамаларын жолдайды.

6. Мемкомиссия элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтан және (немесе) бірінші репродукциялы тұқым өндірушіден өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынылған құжаттар мен материалдарды зерделейді және зертханалық сорттық сынақтың нәтижесін береді.

Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар мен материалдар толық ұсынылмаған жағдайда Мемкомиссия екі жұмыс күн ішінде дәлелді жазбаша бас тартуды жолдайды.

Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген барлық құжаттар мен материалдар бар болған кезде зертханалық сорттық сынақ жүргізеді.

7. Зертханалық сортық сынақ барысында:

1) деректер банкін пайдалану арқылы басқа сорттардан ерекше белгілердің бар-жоғы анықталады;

2) ұсынылған материалдарды көзбен талдау негізінде белгілердің біртектілігіне баға беріледі;

3) электрофорез әдісімен биохимиялық зерттеулер жүргізіледі.

8. Зертханалық сорттық сынақтардың деректері негізінде Мемкомиссия элиталық тұқым өндіруші шаруашылыққа және (немесе) бірінші репродукциялы тұқым өндірушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зертханалық сорттық талдау нәтижесін береді.

Зертханалық сұрыптық
сынақтардан өткізуді жүзеге
асыру Қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясына

_____

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Өтініш

Зертханалық талдау жүргізуді және _____

_____

(ауыл шаруашылығының өсімдігі, сорты, әр түрі, репродукциясы)

тұқымының көрсетілген сортқа тиесілігін анықтап, оның сорттық тазалығын айқындауды сұраймын.

Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама немесе жеке тұлғаның жеке куәлігі _____

_____

(тіркеу нөмірі, кім және қашан берді)

ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

2. Заңды мекен-жайы: _____

(индексі, облысы, ауданы, елді мекен, көшесі, үйдің нөмірі, телефоны, факсы)

3. Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

_____

(осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес)

тұқым сынамалары _____ дана, салмағы _____ килограмм.

Өтініш беруші _____

(қолы, мөрі, тегі, аты, әкесінің аты)

20__ жылғы _____

(күні, айы)

Өтініш 20__ жылғы _____ қарауға қабылданды

(күні, айы)

_____

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді жүзеге асыру Қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Зертханалық сорттық сынақтың нәтижесі №____

20__ жылғы_____

(күні, айы)

20__ жылғы _____ өтініш бойынша зертханалық талдауға
(күні, айы)
тапсырылған, _____ алынған,
_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің
_____
(ауыл шаруашылығының өсімдігі, сорты, әр түрі)
тұқымының № ____ партиясына_____
_____берілді.
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)
Талдау нәтижелері
Тұқымның түпнұсқалығы _____
_____
Қорытынды _____
_____
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
Ауыл шаруашылығы дақылдарының
сортын сынау жөніндегі
мемлекеттік комиссиясы
зертханасының директоры _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 9 шілдедегі
№ 4-2/626 бұйрығына
3-қосымша

Тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидалары

1. Осы Тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы
8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Зертхана жүзеге асыратын тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс түрлерін аккредиттеу саласы айқындайды және аккредиттеу органы берген аккредиттеу аттестатымен расталады.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сапасына сараптама жүргізу қолданыстағы ұлттық стандарттарға сәйкес ұлттық стандарттар белгілеген барлық

көрсеткіштер (толық талдау) бойынша немесе нормаланатын көрсеткіштердің біршамасы (толық емес талдау) бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тұқымның егістік сапаларының ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестігін белгілеуді аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханалар тұқым партиясынан ұлттық стандарттарға сәйкес іріктеп алынған орташа сынаманы зерттеу негізінде жүргізеді. Тұқымның сұрыптық сапасы сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актісімен расталады.

Тек егіске ғана арналған тұқым партияларынан орташа сынамаларды іріктеп алуды тұқым өндірушінің өтінімі бойынша тұқым сарапшылары және (немесе) аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларда тиісті даярлықтан өткен және тиісті қорытындысы бар тұқым өндірушілер (олардың өкілдері) жүргізеді.

Сатуға арналған тұқым партиясынан орташа сынамаларды іріктеп алуды тұқым өндірушінің өтініші бойынша тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүргізеді.

Орташа сынамаларды іріктеп алу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актімен ресімделеді. Орташа сынамалар осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орташа сынамаларды тіркеу журналында тіркеледі.

Орташа сынамаларды іріктеп алу актісі екі данада ресімделеді – бір данасы сынама іріктеп алынған тұқым өндірушіге беріледі, екіншісі сынамамен бірге тұқымның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаға жолданады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тұқымның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхана сынамаларды талдау нәтижелеріне байланысты өтініш берушіге тұқымның сапасы туралы құжаттарды – тұқымның кондициялығы туралы куәлікті немесе тұқымды талдау нәтижесін, ал тұқымдық картопқа түйнектік талдау актісін береді. Тұқымның сапасы туралы құжаттар деректері осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымның сапасы журналында жазылады.

Тұқымның сапасы туралы құжаттардың берілгені осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген тұқымның сапасы туралы құжаттарды тіркеу журналында тіркеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тұқымның кондициялылығы туралы куәлік егіс сапасы толық талдауға тексерілген және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін тұқым партияларына беріледі. Тұқымның кондициялылығы туралы куәлік осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Талдауын егіске дейін күнтізбелік он бес және одан аз күн бұрын (сатуға арналған тұқымнан басқа) ылғалдылығы мен зиянкестермен жайлануын айқындамастан жүргізетін тұқымның өнгіштігі орнына өмірге бейімділік нормасын ескере отырып, жиналатын жылы себуге пайдаланылатын күздік дақылдардың тұқымына кондициялылығы туралы куәлік беруге жол беріледі.

6. Салмағы бақылау бірлігінің салмағынан артық тұқым партиясына тұқымның кондициялылығы туралы куәлікті әр бақылау бірлігінен іріктеп алынған орташа сынамаларды талдау нәтижелері негізінде партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері бойынша мынадай жағдайларда береді:

1) партиядан іріктеп алынған барлық сынамалардың талдау нәтижелері тұқымның егіс сапасына ұлттық стандартқа сай келетін нормалардың барлық көрсеткіштері бойынша сәйкес;

2) тұқым партиясы сапасының орташа арифметикалық көрсеткіштері ұлттық стандарт нормаларына сай келеді, ал бақылау бірліктерінің бір бөлігінің тұқымдары кондициялы емес болып табылады, бірақ олардың сапа көрсеткіштері орташа арифметикалық белгіленген рұқсат етілген алшақтықтардан аспайтын шамаға ауытқиды.

Сынамалардың бір бөлігінде қаракүйелік құрылымдардың, қастауыш пен басқа да саңырауқұлақтың қарамықтарының маңызы ұлттық стандарттарда белгіленген нормалардан екі еседен артық асқан жағдайда, тұқым партиясына тұқымның кондициялылығы туралы куәлік беруге жол берілмейді.

7. Тұқымның кондициялығы туралы куәліктің қолданылу мерзімі мыналарды құрайды:

8 ай – көкөніс, бақша дақылдарының және жемшөп тамыр-жемістілердің бірінші сыныпты тұқымдары үшін;

6 ай – екінші сынып;

12 ай – полиэтилендік қосымшалары бар қаптарға салынған бірінші сыныпты тұқымдар үшін;

1 жыл – дәндегі жүгерінің тұқымдары үшін (дәріленген және қаптарға салынған);

күздік дақылдар егісі аяқталғанға дейін – күздік дақылдардың тұқымдары үшін, егер тұқымның кондициялығы туралы куәлік тіршілікке бейімділік көрсеткіші бойынша берілсе;

2 ай – кене жайлаған тұқымдар үшін (кене маңызының нормасы белгіленген ауыл шаруашылығы өсімдіктері бойынша);

4 ай – тұқым қоспаларын қоса алғанда, қалған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдары үшін.

Тұқымның кондициялығы туралы куәліктің қолданылу мерзімін тұқымды өнгіштігіне талдау аяқталған күннен бастап белгілейді.

Тұқымның кондициялығы туралы куәлік немесе тұқымды талдау нәтижесін, ал тұқымдық картопқа – түйнектік талдау актісі өнгіштігін айқындаған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде беріледі.

Тұқымның кондициялығы туралы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кене жайлаған тұқымдарды қоспағанда, тұқымдарды тек өнгіштігіне ғана, ал кене жайлаған тұқымдарды өнгіштігіне және зиянкестермен жайланғанына тексереді.

Қайталап тексеру тұқымның кондициялығы туралы куәлігінің, тұқымды талдау нәтижесінің, түйнектік талдау актісінің қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін аяқталуға тиіс.

Егер тұқымның кондициялығы туралы куәлік тіршілікке бейімділік көрсеткіші бойынша берілсе, бірақ тұқым жинау жылында себу үшін пайдаланылмаса және ауыспалы қорларда қалдырылса, оның күшін жояды және жаңадан тапсырылған сынамалар бойынша өнгіштігін айқындау арқылы толық талдау негізінде тұқымдардың сапасы туралы тиісті құжатпен алмастырады.

8. Егер тұқымның кондициялылығы туралы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін қайтадан талдау кезінде өнгіштік көрсеткіші бұрын белгіленген сыныпқа сай келсе, ал кене жайлаған тұқымдар үшін жайлану көрсеткіші ұлттық стандарт белгілеген нормаға сай келсе, оның қолданылу мерзімі ұзартылады. Бұл жағдайда бұрын берілген тұқымның кондициялылығы туралы куәлікке қосымша ретінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымды талдау нәтижесі беріледі.

9. Егіс сапасына тиісті ұлттық стандарттың талаптарына жауап бермейтін тұқымдардың партияларына (оларды толық талдау кезінде), сондай-ақ көрсеткіштердің барлығы тексерілмеген тұқымдарға (толық емес талдау) тұқымдарды талдау нәтижесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

10. Салмағы бақылау бірлігінің салмағынан артық тұқым партиясына осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тұқымдарды талдау нәтижесі беріледі.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымды талдау нәтижесі партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері бойынша мынадай:

1) сынамалар толық емес талдауға тексерілген және алынған нәтижелер ұлттық стандарт нормаларына сай келген;

2) барлық сынамаларды талдау нәтижелері стандарттың белгіленген ұлттық нормаларына сай келмеген;

3) сынамалардың бір бөлігін талдау нәтижелері және партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері ұлттық стандарттың нормаларына сай келмеген жағдайларда беріледі.

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдау нәтижесі мынадай жағдайларда бөлуге жататын әр бақылау бірлігін талдау нәтижесін көрсете отырып беріледі:

1) тұқым партиялары қаптарда сақталады, бақылау бірліктерінің бір бөлігін талдау нәтижелері және партия бойынша орташа арифметикалық көрсеткіштер ұлттық стандарттың белгіленген нормаларына сай келмейді, ал бақылау бірліктерінің бір бөлігі нормаларға сай келеді;

2) тұқым партиялары бойынша орташа арифметикалық көрсеткіштер тұқымдардың егіс сапасына ұлттық стандарттың нормаларына сай келеді, ал бақылау бірліктерінің бір бөлігі кондициялы емес болып табылатын және олардың сапа көрсеткіштері орташа арифметикалық ұлттық стандарт жол беретіннен артық шамаға ауытқиды;

3) кейбір бақылау бірліктерінде карантиндік арамшөптер және аурулар немесе тірі зиянкестер (оның ішінде маңызы нормаланатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарында 1 килограммға 20 данадан астам кене) анықталған.

10. Тұқымдық картоптың партиясына түйнектік талдау актісі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

11. Талдаудан қалған сынама бөлігі ауданда осы дақылдың егісі аяқталғаннан кейін (аудандық статистикалық есептілікке сәйкес) бір ай ішінде тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханада сақталады.

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Орташа сынамаларды іріктеп алу актісі № ____

_____
_____ тиесілі
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты, аудан, облыс)
ауыл шаруашылығы өсімдіктері* тұқымын егу сапасын айқындау үшін
Мен, _____ 20__ жылғы _____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (күні, айы)
(ұйым, өкілдердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) -
сынамаларды сатуға арналған тұқым партиясынан іріктеп алынған,

сондай-ақ даулы жағдайларда толтырылады) _____
қатысуымен _____
(бөлімше (бригада), астық қабылдау кәсіпорны және басқалары)
сақталған тұқымды қарау және сақтаулы партиялардан
_____ бойынша орташа сынамалар іріктеп алу жүргізілді.
(стандарт нөмірі)

1. Тұқым туралы мәліметтер

Р/с №	Атауы	Реттік нөмірі		
1	2	3	4	5

1) Ауыл шаруашылығы өсімдігінің түрі _____
2) Сорт _____
3) Сорт құжатының аты, № және күні _____
4) Сорттық тазалық немесе тектік, % _____
5) Репродукция _____
6) Егін жылы _____
7) Партияның нөмірі _____
8) Партияның салмағы, центнер _____
9) Бақылау бірліктерінің нөмірлері _____
10) Орын (қап) саны _____
11) Тұқымды сақтау орны, қойма нөмірі, қамба _____
12) Тұқым қайдан және қашан алынды _____
13) Тұқым қандай өңдеуге ұшырады _____
14) Партия нешінші рет талданып отыр,
соңғы талдаудың күні мен нөмірі _____
15) Дәрілеу жүргізілді ме және қандай
Препаратпен _____
16) Қандай талдау үшін сынама іріктеп алынды _____
17) Тұқымның мақсаты _____
18) Тапсырылған сынамалар саны:
Қапшықта _____
Шөлмекте _____
Пакетте _____
2. Сынамалар _____
тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаға жіберілді.
Сынамаларды іріктеп алған адам _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Өкілдер:_____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Кепілдік: тұқым партияларының араласудан, ластанудан, өнгіштігі мен басқа да егу сапасының төмендеуінен сақталуына, сондай-ақ оларды іріктеп алу кезінде сынамалар телнұсқаларының сақталуына _____ кепілдік береді
(заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Сақтауға жауапты тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Бақылау бірліктерін орналастыру схемасы (сынама алған адам толтырады)
*Ескертпе: осы нысан мақтаны, қант қызылшасын және гүл дақылдарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына қолданылады.

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру қағидаларына
1-1-қосымша

Ескерту. Қағида 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Орташа сынамаларды тіркеу журналы

№	Бақылау бірліктерінің саны	Күні	Сынама іріктеп алынған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Дақыл	Сорт	Тұқым қайдан алынды	Егін жылы
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Партияның №	Партияның салмағы, центнер	Репродукция	Іріктеп алу актісінің № және күні	Сақтау орны	Тұқымның мақсаты	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

	Сынамаларының салмағы, грамм			Сынаманы қабылдаған

Партия нешінші рет талданып отыр	қапшықта	шөлмекте	Талдау түрі	маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы
15	16	17	18	19

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхананың уәкілетті адамының қолымен бекемделеді және зертхана мөрімен расталады.

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру қағидаларына
1-2-қосымша

Ескерту. Қағида 1-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Тұқымның сапасы журналы

Құжат №	Құжаттың берілген күні	Қолда-нылу мерзімі	Дақыл	Сорт	Репро-дукция	Егін жылы	Партия №	Партияның салмағы, центнер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Тұқым қайдан алынды	Сақтау орны	Тұқымның мақсаты	Өңдеу түрі	Іріктеп алу актісінің № және күні	Партия нешінші рет талданып отыр	Алдыңғы құжаттың № және күні
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

Тазалығы және қалдық														
Негізгі дақылдың тұқымы, %	оның ішінде		Қалдық, %	Басым топтар, %	Басқа өсімдіктер тұқымдары, барлығы, 1 килограмда	оның ішінде							Қарақүйелік құрылымдар (қапшық, кесек) %	Қасталуыш, %
						басқа дақылды өсімдіктер, 1 килограмда	арамшөп өсімдіктері, 1 килограмда	қарасұлы, 1 килограмда	карантиндік өсімдіктер, 1 килограмда	азықтық шөптердің басқа түрлері, 1 килограмда	неғұрлым зиянды лары, 1 килограмда	улылары, 1 килограмда		
17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31

кестенің жалғасы

							Тұқымның сыныбы

Өсу энергиясы, %	Өнгіштігі, %	Тіршілікке бейімділігі, %	Ылғалдылығы, %	1000 дәннің салмағы, грамм	Зиянкестердің жайлануы, 1 1 килограмға дана	Аурулармен залалдануы, %	(кондициясын а жеткізілмеген)
32	33	34	35	36	37	38	39

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхананың лауазымды уәкілетті адамының қолымен бекемделеді және зертхана мөрімен расталады.

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру қағидаларына
1-3-қосымша

Ескерту. Қағида 1-3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Берілген тұқым сапасы туралы құжаттарларды тіркеу журналы

№	Заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Дақыл	Саны, тонна	Құжат-тың атауы	Берілген құжаттың № және күні	Қолы
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхананың лауазымды уәкілетті адамының қолымен бекемделеді және зертхана мөрімен расталады.

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Тұқымның кондициялығы туралы куәлік

№ ____ 20__ жылғы _____ дейін жарамды
(күні, айы)

_____

(облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____
_____ сақтаулы
(№ ___ бөлімше (бригада))
20_ жылғы _____ № _____ акт кезінде талдауға ұсынылған
(күні, айы)
_____алынған,
_____ жылғы егіннің _____ репродукциялы
_____
(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)
салмағы _____ центнер, №_____ фракция тұқымының №_____ партиясына берілді.
Орын (қап) саны, № ____ қойма, № ____ қамба, үйіндімен
Тұқымның мақсаты_____
Тұқымның сапасы _____ сыныпқа сәйкес келеді.
(жазбаша)
Талдау нәтижелері
1. Тазалығы _____ %, оның ішінде_____ %
2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар_____ %
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға (бұдан әрі – кг) дана немесе %)_____
4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары_____ %
5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____
6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы _____ оның ішінде:
қарасұлы тұқымы (1 кг-ға дана) _____%
неғұрлым зиянды арамшөп тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға дана) ___
жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) _____
7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %
8. Қарамықтар_____ %
9. Өсу энергиясы _____ %
10. Өнгіштігі_____ %
оның ішінде қаттылары _____%
өсіру жағдайлары_____
11. Тіршілікке бейімділігі _____ %
анықтау әдісі_____
12. Егуге жарамдылығы _____ %
13. Ылғалдылығы_____ %

14. 1000 дәннің салмағы _____грамм
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
центрифугалау әдісімен _____ дана немесе биологиялық әдіспен _____ %)
16. Зиянкестердің жайлануы_____
17. Тұқым сынамаларын сырттай қарап-тексеру деректері:
түсі қалыпты иісі қалыпты
қарайған шіріген
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары_____
(атауы)
сорттық өсімдіктердің тұқымдары_____
(атауы)
19. Басқа анықтамалар:_____
_____
Ұсыныстар:_____
_____
_____
_____
_____ _____ _____
(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))
Мөр орны 20__ жылғы _____
(күні, айы)

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

№___ тұқымды талдау нәтижесі

20__ жылғы _____ № _____ тұқымның кондициялығы
(күні, айы)
туралы куәлікке қосымша ретінде берілді.
Тұқымның кондициялығы туралы куәліктің қолданылу мерзімі
20__жылғы_____
(күні, айы)

дейін ұзартылды.

1. Өнгіштігі_____ %
2. Өсу энергиясы_____ %
3. Зиянкестердің жайлануы_____

(бұдан бұрын алдында кенелер жайлаған тұқымдар

_____

бойынша толтырылады)

Қорытынды мен ұсыныстар: _____

_____

_____

_____ _____ _____

(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20__ жылғы _____ (күні, айы)

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

№ ___ тұқымды талдау нәтижесі

_____

(облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____

_____ сақтаулы

(№ ___ бөлімше (бригада))

20_ жылғы _____ № _____ акт кезінде талдауға ұсынылған

(күні, айы)

_____ алынған,

_____ жылғы егіннің_____ репродукциялы,

_____

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)

салмағы ____ центнер, № ___ фракция тұқымының № _____ партиясына берілді.

Орын (қап) саны, № ____ қойма, № ____ қамба, үйіндімен

Тұқымның мақсаты _____

Талдау нәтижелері

_____

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %
2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____ %
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға (бұдан әрі – кг)
дана немесе %)_____
4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____ %
5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____
6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы _____
оның ішінде:
қарасұлы тұқымы (1 кг-ға дана) _____%
неғұрлым зиянды арамшөп тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға дана)

_____

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана)_____
карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана)_____
улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____
7. Қаракүйелік құрылымдар _____%
8. Қарамықтар _____%
9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана)_____
10. Өсу энергиясы_____%
11. Өнгіштігі _____%
оның ішінде қаттылары _____%
өсіру жағдайлары_____
12. Тіршілікке бейімділігі_____%
анықтау әдісі_____
13. Ылғалдылығы _____%
14. 1000 дәннің салмағы _____ грамм
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
центрифугалау әдісімен _____ дана немесе биологиялық әдіспен _____%)
16. Зиянкестердің жайлануы_____
17. Тұқым сынамаларын сырттай қарап-тексеру деректері:
түсі қалыпты иісі қалыпты
қарайған шіріген
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары_____
(атауы)
сорттық өсімдіктердің тұқымдары_____
(атауы)
19. Басқа айқындамалар:_____

Қорытынды мен ұсыныстар:

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

Толық немесе толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар мынадай көрсеткіштер бойынша кондицияланбаған	Талдау кезінде белгіленгені	Стандартпен белгіленгені
1	2	3

тұқымдар _____ және қайтадан толық талдауға жатады
(өңдеу түрі)

Толық емес талдау жүргізген кезде:

тұқымдар_____
(талдау жүргізілген көрсеткіштердің атауы)

бойынша ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келеді.

_____ _____ _____

(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20__ жылғы _____
(күні, айы)

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

№ ___ тұқымды талдау нәтижесі

_____
(облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____
_____ сақтаулы
(№ ___ бөлімше (бригада))

20_ жылғы _____ № _____ акт кезінде талдауға ұсынылған
(күні, айы)
_____ алынған,
_____ жылғы егіннің _____репродукциялы
_____
(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)
салмағы ____ центнер, № ___ фракция тұқымының № ____ партиясына берілді.
Орын (қап) саны, № ____ қойма, № ____ қамба, үйіндімен
Тұқымның мақсаты_____
Талдау нәтижелері

Сапа көрсеткіштері	Орташа көрсеткіш	Бөлінуге жататын бақылау бірліктерінің нөмірлері және олардың сапасы		
1	2	3	4	5

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %
2. Қалдық, барлығы ____ %, оның ішінде басым топтар _____%
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға (бұдан әрі – кг) дана немесе %)
_____
4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____ %
5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %)
_____
6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы:_____
оның ішінде:
қарасұлы тұқымы (1 кг-ға дана) _____%
неғұрлым зиянды арамшөп тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға дана)___
жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана)_____
карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана)_____
улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана)_____
7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %
8. Қарамықтар_____ %
9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана)_____
10. Өсу энергиясы_____ %
11. Өнгіштігі _____ %
өсіру жағдайлары_____
12. Тіршілікке бейімділігі _____ %
анықтау әдісі_____
13. Ылғалдылығы_____ %
14. 1000 дәннің салмағы _____грамм
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:

центрифугалау әдісімен _____ дана немесе биологиялық әдіспен
_____ %)
16. Зиянкестердің жайлануы _____
17. Түсі қалыпты қарайған
18. Иісі қалыпты шіріген _____
19. Басқа айқындамалар: _____
_____
_____
_____
Қорытынды:
Тұқым партиясы біркелкі емес. № _____ бақылау бірліктері
_____ бойынша кондициялы емес, жалпы партиядан
(көрсеткіштер атауы)
бөлуге және _____ жатады, содан кейін бүкіл партия
(өңдеу түрі)
барлық сапа көрсеткіштері бойынша тексерілуі тиіс.

_____ _____ _____
(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Мөр орны 20__ жылғы _____
(күні, айы)

Тұқым сапасына
сараптама жасауды жүзеге
асыру Қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Тұқымдық картоптың партиясына түйнектік талдау актісі

20__ жылғы _____
(күні, айы)
_____ берілді.
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса), облыс, аудан)
Құрамында _____
(ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
_____ бар комиссия 20__ жылғы _____
(күні, айы)
_____ қатысуымен
(тұқым өндірушінің атауы, лауазымы, тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)
_____ сақтаулы,

(бөлімше (бригада)
№_____ қоймада, № _____ қамбада (үймеде), № _____ орда орналасқан, сорты _____, көбейту сатысы,
санаты, сыныбы _____, партия салмағы _____ тонна тұқымдық картоптың түйнектерінің сапасын айқындауды жүргізді.
Талдау нәтижелері
Біріктірілген сынамадағы түйнектер саны _____ дана _____ килограмм
Аурулармен зақымданған түйнектердің саны, барлығы _____ % _____ дана
оның ішінде:
сулы шірікпен _____ дана _____ %
дөңгелек шірікпен _____ дана _____ %
қоңыр бактериялық шірікпен _____ дана _____ %
қара сирақпен _____ дана _____ %
фитофторозбен _____ дана_____ %
құрғақ шірікпен (фомоз, фузариоз) _____ дана _____ %
сабақтық нематодасымен _____ дана _____ %
кәдімгі немесе күміс тазқотырмен (түйнек бетінің 1/4-тен астамы зақымданған жағдайда) _____ дана _____ %
қырбақ тазқотырмен _____ дана _____ %
қызыл шірікпен (түйнек бетінің 1/8-ден 1/4-ке дейін зақымдануы) _____ дана_____ %
Таттанған теңбілмен және жұмсағының қараюы (түйнек бетінің 1/4-тен астамы зақымдануы) _____дана _____ %
Механикалық және зиянкестермен зақымданған түйнектердің болуы
барлығы _____ дана _____ %
оның ішінде:
сымқұртпен зақымданғаны _____ дана _____ %
кеміргіштермен, зауза қоңыздармен, көбелектермен ___ дана _____ %
Түйнектер:
тұншығып қалған _____ дана _____ %
үсіп қалған _____ дана _____ %
күйгені _____ дана _____ %
ұсқынсыз _____ дана _____ %
өсінділері және жеңіл сынатын ұралары бар _____ дана _____ %
езілген және кесілген _____ дана_____ %
қабығы сыдырылған (түйнек бетінің 1/4-тен астамының

жалаңаштануы)_____ дана _____ %
түйнектің жартылары және бөліктері _____ дана _____ %
Түйнектің мөлшері:
белгіленгеннен кіші _____ дана _____ %
белгіленгеннен үлкен _____ дана _____ %
Жер мен қоспаның болуы _____ %
Басқа ботаникалық сорттың түйнектері _____ дана _____ %
Бұдан басқа табылғаны _____

_____

Комиссияның қорытындысы

_____

_____

_____

Комиссия мүшелері:_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Зертхана меңгерушісі _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)
20__ жылғы _____
(күні, айы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК